

**Қарағанды мемлекеттік медицина университеті**  
**Травматология және жалпы хирургия кафедрасы**

**Тақырыбы: Үсік шалу**

Орындаған: Серікбай Б.Т.  
3-033 ЖМФ

Қабылдаған: Қамбарханов Б.Қ.

Қарағанды-2016

# *Жоспары:*

## *I. Кіріспе*

*Үсік туралы жалпы түсінік*

## *II. Негізгі бөлім*

- Үсудің пайда болу себептері*
- Үсудің кезеңдері*
- Үсудің дәрежесі*
- Үсу кезіндегі алғашқы*

## *III. Қорытынды*

## *IV. Пайдаланылған әдебиеттер*

# Үсу

**Үсу дегеніміз** – төменгі температураның ұзақ әсер етуі нәтижесінде тіндердің зақымдануы.

- ❖ Үсу ауа райының аязды күні ғана емес, сондай-ақ температура нөлге жуық кезде де (ылғалдылық жоғары болып, күн ұзақ уақыт суытқанда) болуы мүмкін. Үсуге суық жел, ауаның ылғалдылығы, су болған әрі тар киім, аяқ киім, қолғап немесе мастық, организмнің жалпы әлсіздігі әсер етеді. Үсікке көбінесе саусақ, башпайлар, мұрын, құлақ шалдығады. Үсік шалған жерді суық жерде тұрып қармен ысқылауға және суық суға түсіруге болмайды. Үсіген организм көп уақытқа дейін суыққа сезімтал келеді.


# Үсудің пайда болу себептері

- ❖ суықтың;
- ❖ желдің;
- ❖ жоғары ылғалдылықтың;
- ❖ тар және дымқыл аяқ киімнің;
- ❖ науқастың жалпы жағдайының нашар болуы (қандай да бір ауруға шалдығу, алкогольдік масаю, көп қан жоғалту) және т.б. себептер әсер етеді.

**Жиі үсуге бейім бөлімдер** – аяқ жақтың дисталды бөліктері, құлақ және мұрын. Яғни дененің шеткі, қанмен нашар қамтамасыз етілетін ағзалар.

# Үсудің төрт кезеңі бар

- ◆ **1 – ші кезең.** Тері бетінде қайтымды қанайналым бұзылыстары анықталады. Үсікке шалдықан тері беттері бозарған, біраз ісінген, сезімталдығы төмендеген немесе мүлдем жойылған. Теріні жылытқаннан кейін терінің түсі көк-қызыл түске айналып, ісіну және ауырсыну сезімі пайда болады. Үсіген жердің қабынуы бірнеше күнге созылады және бұл аймақтар суыққа өте сезімтал болып келеді.
- ◆ **2 – ші кезең.** Тері беттерінің жансыздануымен, мөлдір сұйықтыққа толы көпіршіктердің пайда болуымен сипатталады.. Зақымдалған жердің қанайналымы баяу қалпына келеді. Науқастың жалпы жағдайы нашарлайды, дене температурасы жоғарылайды, тәбеті нашарлайды, ұйқысы бұзылады. Зақымдалған аймақ 15-30 күнде жазыла бастайды. Тері сезімталдығы өте төмен болады.



❖ **3 – ші кезең.** Үсіген аймақтың канайналымы бұзылған, терінең барлық қабаттарының сезімталдығы мүлдем жойылған, бірақ науқаста қатты ауырсыну сезімі болады. 3-5 күннен кейін үсіген аймақта дымқыл гангрена дами бастайды.

❖ **4 – ші кезең.** Тіндердің барлық қабаттарының, сүйектің сезімталдығы толығымен жойылған. мұндай терең зақымдануда жылыту ешбір нәтиже бермейді. Тері лезде іші қара түсті сұйықтыққа толы көпіршікпен жабылады. 10-17 күннен кейін некрозданған ошақ айқын көріне бастайды және қарайып, кебе бастайды(муфицирлену). Бұл кезеңде науқастың жалпы жағдайы күрт төмендеген, органдарда дистрофиялық өзгерістер байқалады. Науқас кез келген ауруға сезімтал және бейім болады.

# Үсінудің төрт дәрежесі болады.



- ◆ **I дәрежелі үсіну** (аса жеңілі) аз уақыт суық әсер етуінен болады. Терінің жаны кетпейді. Ондай үсінуге шалдығудың бірінші белгісі – зақымданған жерлердің жансыздануына әкеп соқтыратын күйоді, шаншуды сезіну. Содан соң тері қышиды және ауырады, олар аса мәнді және аса көрнекті болмауы мүмкін.



❖ **II дәрежелі үсіну ұзақ уақыт суық әсер етуінен болады. Оған аса тән белгі – зақымданудан кейінгі бірінші күні түссіз сұйықтық толған көпіршіктің пайда болуы. II дәрежелі үсінуден соң ауруды I дәрежелі үсінуге қарағанда ұзағырақ және тереңірек сезінеді, тері қышиды және ауырады.**



❖ **III дәрежелі үсіну** кезінде температураның төмендеуі және ұлпаға суық әсерінің ұзақтығы артады. Бастапқы кезде пайда болған көпіршіктердің іші қанға аралас, түбі қоңыр-көк болады және тітіркендіргіштерді сезбейді. Терінің барлық элементтері өледі де соңында бітеледі және тыртықтар өрістейді. Түсіп қалған тырнақтар қайтадан өспейді немесе пішіні бұзылып өседі. Өлген ұлпалардың түсуі 2,3-аптада аяқталады, одан кейін тыртықтанады, ол 1 айға дейін созылады. Ауруды сезінудің қарқыны мен ұзақтығы II дәрежелі үсінуден жоғарырақ.





IV дәрежелі үсіну температураның аса төмендеуінен және ұлпаға ұзақ уақыт суық әсерінен туады. Ол көбінесе III және II дәрежелі үсікке шалдығумен үйлеседі. Жұмсақ ұлпаның барлық қабаттары өледі, жиі сүйек пен буын зақымданады.



Терінің температурасы оны қоршаған үсікке шалдыққан ұлпа участогінен біраз төмен. Көпіршіктер үсікке төмендеу шалдыққан учаскелерде, III – II дәрежелі үсінген жерлерде дамиды. Ісік біраз ұлғайған жерінде көпіршіктің болмауы, сезімталдығының жоғалтуы IV дәрежелі үсуге шалдығудың куәсі болып табылады.




# Үсік шалудың алдын алу мақсатында:

- ❖ аязда көп жүрмеу;
- ❖ тар киім кимеу;
- ❖ алкоголь қолданбау;
- ❖ бет пен қолға дымқылдандыратын крем жақпау қажет!

# Үсуге шалдығу кезінде алғашқы көмек.

- ❖ Алғашқы көмек тоңуды тоқтатудан, аяқ-қолды жылытудан, суыққа шалдыққан ұлпаларда қан айналымын қалпына келтіру мен инфекцияның алдын алудан тұрады. Үсуге шалдығу белгілерін байқаған кезде бірінші – **зардап шегушіні жақын маңайдағы жылы жерге апару**, қатып қалған аяқ киімді, шұлықты, қолғапты шешу керек. Алғашқы көмек іс-шараларын өткізумен бір уақытта дәрігерлік көмек көрсету үшін тез дәрігерді, жедел жәрдемді шақыру қажет.
- ❖ **I дәрежелі үсікке шалдығу** кезінде тоңған жерлерді қызарғанға дейін жылы қолмен, жеңіл уқалаумен, жүн матамен ысқылаумен, деммен жылыту керек, содан кейін мақта-дәкемен орау керек.
- ❖ **II - IV дәрежелі үсікке шалдығуда** тез жылыту, уқалау мен ысқылаудың қажеті жоқ. Зақымданған жерді жылу өткізбейтін таңғышпен ораңыз (дәке қабатын, қалың мақта қабатын, тағы дәке қабатын, үстіне клеенка немесе су жібермейтін мата). Зақымданған аяқ-қолдар қол асты құралдарының көмегімен бекітіледі (тақтайша, фанера сынығы, тығыз картон), оларды таңғыштың үстіне салып дәкемен орайды.



Алғашқы көмек көрсеткенде үсіген адамды бірден жылы жерге кіргізіп, жылытып, ыстық шай не кофе беру керек. Жансызданған жерін жылы суға (температура 37 — 40°С) малып, денесі қызарып, жылынып, сырттан тиген қолды сезетін болғанша жайлап ысқылайды, содан соң таңып тастайды. ҚҚ — ҚV дәрежелі үсікке шалдыққан адамды алғашқы көмек көрсетіліп болғаннан кейін жылы орап, ауруханаға апару қажет. Үсік шалған жерді суық жерде тұрып қармен ысқылауға және суық суға түсіруге болмайды. Үсіген организм көп уақытқа дейін суыққа сезімтал келеді.

# Қорытынды

- ❖ Үсікке шалдығу төмен температураның әсерінен дене мүшесінің кей бөлігінің зақымдануы. Көбінесе үсінуге шалдығу қыстың суық мезгілінде қоршаған орта температурасы  $-10^{\circ}\text{C}$  -  $-20^{\circ}\text{C}$  төмен кезде болады. Көктемде және күзде ауа температурасы нөлден төмен кезінде далада көп уақыт, әсіресе ауа өте ылғалды және күшті жел болғанда да үсінуге шалдығуға болады.
- ❖ Аязда тар және дымқыл киім мен аяқ киім кию, қатты шаршау, ашығу, ұзақ уақыт қозғалыссыз және ыңғайсыз болу, алдыңғы суықтан алған жарақаттың болуы, аурудың нәтижесінде болған ағзаның әлсіреуі, аяқтың тершеңдігі, аяқ-қол буындарының және жүрек-тамыр жүйесінің созбалы аурулары, қан жоғалтумен болған ауыр механикалық зақымданулар, темекі шегу үсуге шалдығуға әкеп соқтырады.
- ❖ Статистика бойынша адамдардың қаза болуына және аяқ-қолын кесуге әкеп соқтыратын барлық ауыр үсінуге шалдығулар **күшті алкогольдік мас болу салдарынан болатындығы көрінеді.**

## *Пайдаланылган әдебиеттер:*

- <http://kazmedic.kz/archives/1539>
- <https://yandex.ru/search/site/?searchid=2195897>
- <https://www.google.kz/search?q>